Диагностикалық	Студенттер туралы мәліметтерді жинақтап, құрастыру. 1-қыркүйектегі кеңеске әзірлеу	Білім алушылардың жалпы сандық құрамын анықтау 2 НК есебін тапсыру	Құжаттар бойынша салыстыру	Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Санибекова С.С. Байтекеева А.А. топ кураторлары	Координациялық – пед. кеңес	Мәлімет
Шолу	Оқу-әдістемелік база, оқу кабинеттері, оқу залы мен коридорлардағы қалқандарды цифрландыру жағдайы	Оқу құралдарымен, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілу деңгейін анықтау, оқу кабинеттері, оқу залы мен коридорлардағы қалқандар материалдарының білім беру мазмұнына сәйкестігі мен студенттерге академиялық, әдістемелік көмек беру бағыттылығын анықтау	Оқу кабинеттеріне рейд	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Оңғарова Б.К. Асубаева Г.С. Санибекова С.С. Ташиева Э.А. Бейсембаева Ж.Х. ПЦК төрағалары	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Әкімшілік	Колледждің академиялық еркіндігін есепке ала отырып, ҚР ЖМББС, кәсіптік стандарттарға, WorldSkills стандарттарына және жұмыс берушілердің	Колледжде дайындалатын мамандықтар бойынша оқылатын пәндердің оқытудың нәтижесі мен бағалау критерийлері анықталған жұмыс оқу бағдарламаларын ұлттық	Тәжірибелі оқытушылардан шығармашылық топ құру, негіздемелерін қарау	Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Оңғарова Б.К. Сайын Е.С. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Әкімшілік кеңес	Мәлімет

	ұсыныстары мен талаптарына сәйкес білім мазмұнын жаңарту	портфель талаптарына сәйкес әзірлеу				
Ағымдық	Оқытушылардың жұмыс оқу бағдарламаларының мазмұнының өзектілігін тексеру	Жұмыс оқу бағдарламаларының ҚР ЖББС сәйкестігін, сабақ түрлерінің инновациялық деңгейін анықтау	Жеке әңгімелесу, жоспарларды қарап шығу	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Сайын Е.С. Санибекова С.С.	Координациялық - пед.кеңес	Мәлімет
Ағымдық	Дене тәрбиесі пәнінен арнайы топқа қатысатын студенттер	ВКК -анықтамасы бар, дене тәрбиесі пәнінен арнайы топтағы студенттермен жүргізілетін сабақтың сапасын, талапқа сәйкестігін анықтау.	Құжаттарын тексеру	Алимжанова А.Б. Азат А. кураторлар	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Шолу	Колледж студенттерінің оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы, бейімделу кезеңі	Колледж студенттерінің оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы, бейімделу кезеңінің өтілу барысын бақылау, проблемаларды анықтау	Бақылау, әңгімелесу	Байтекеева А.А. Азамат А.А. Топ кураторлары	Кураторлар кеңесі	Хабарлама
Әкімшілік	Бітіруші түлектердің жұмыс орнымен қамтамасыз етілуі және жоғарғы оқу орнына түсуі	Колледжді бітіруші мамандардың еңбек нарығы сұранысына ие болуы және жұмыспен қамтылуы деңгейлерін анықтау	Құжаттармен танысу	Асубаева Г.С. Бітіруші топтардың кураторлары	Әкімшілік кеңес	Есеп
ҚАЗАН						
Ағымдық	Колледж студенттерінің ата-аналарымен байланыс орнату жұмыстары (әр курс бойынша бөлек)	Ата-аналармен байланыс орнату жұмыстарының жолға қойылу барысын, ұйымдастырылған жұмыстардың түрлерін анықтау	Құжаттармен танысу, әңгімелесу, онлайн форматта ата-аналар жиналыстарын өткізу	Байтекеева А.А. Топ кураторлары	Кураторлар кеңесі	Мәлімет

Ағымдық	Оқытушының кәсіби құзыреттілігін көтерудің құралы ретінде өзара сабаққа қатысу	Педагогтардың жұмыстарындағы өзара сабаққа қатысудың әрекеттестігі мен нәтижелігін зерделеу	Сабақтарға қатысу	Алимжанова А.Б. Директордың орынбасарлары Санибекова С.С. Ташиева Э.А. ПЦК төрағалары	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Тақырып-тық	I курс студенттердің білім деңгейін математика, химия, физика, қазақ тілі, орыс тілі, информатика, Қазақстан тарихы, география пәндері бойынша кіріспе бақылау	Студенттердің білім деңгейін анықтау, қажетті шаралар жүргізу	Сабақтарға қатысу, жеке кеңес беру, бақылау жұмыстары мен диктант, тест жұмыстарын алу.	Алимжанова А.Б. Ташиева Э.Б. Санибекова С.С. Комиссия мүшелері	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Ағымдық	Білім алушылардың сабаққа қолданатын құрал – жабдықтарының құрамы, түрлері, қолданылу жағдайы дәптерлерінің жүргізілуі	Қазақ тілі, орыс тілі, математика, ағылшын тілі пәндерінен студенттердің дәптерлерінің тексерілу сапасы және сабақта құрал – жабдықтардың болуы және қолданылуы	Сабаққа қатысу, оқу дәптерлерін тексеру, бақылау	Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Сайын Е.С. Онгарова Б.К. Санибекова С.С. Ташиева Э.А..	Координациялық - пед.кеңес	Мәлімет
Ағымдық	Колледждің оқу құжаттарының жағдайы	Құжаттарды жүргізу барысындағы жалпы кемшіліктерді анықтау	Әңгімелесу, оқу құжаттарын, журналды тексеру	Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Сайын Е.С. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Координациялық - пед.кеңес	Мәлімет
Ағымдық	Оқытушыларды аттестаттауға дайындау	Құжаттарының жағдайын дайындық деңгейін анықтау	Сабақтарға қатысу, папкілер әзірлеу, безендендіру	Сайын Е.С.	Әдістемелік кеңес Комиссия мүшелері	Есеп
Тақырып-тық	Жас және жаңадан келген оқытушылардың сабақтарының сапасы,	Жас және жаңадан келген оқытушылардың сабақтарын бақылау	Байқау және ашық сабақты жоспарлау, оқытушылардың	Сабақтарға қатысу	Әдістемелік кеңес	Мәлімет

	колледж жағдайына бейімделуі		кәсіби деңгейін анықтау			
Әкімшілік	Кәсіптік тәжірибенің ұйымдастырылу барысы	Кәсіптік тәжірибенің ұйымдастырылуы, білім алушылардың қатысуы, құжаттары мен журналдарының уақытымен, сапалы толтырылу жағдайын бақылау	Практика базаларындағы сабақтарға, іс-шараларға қатысу, журналдар мен құжаттарды қарап шығу	Асубаева Г.С. Кәсіптік тәжірибе әдіскерлері	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Шолу	Оқу - тәрбие үрдісінің I курстағы жағдайы, бейімделу айлығының қорытындысы	Оқу - тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру деңгейімен, студенттердің сабаққа қатысу, үлгерім жағдайларымен таныстыру	Сабақтарға, тәрбие сағаттарына, үйірме, секция жұмыс өткізу барысына рейд	Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Байтекеева А.А. Психолог	Әкімшілік кеңес	Есеп
Әкімшілік	Білім берудің заманауи контенттерін қолдану, ақпараттық жүйе «SmartNation» цифрлық жүйесін және ҰБДҚ(НОБД) толтыру, білім алушылармен кері байланыс орнату мәселелері	Колледждегі негізгі ақпараттық жүйе «SmartNation» цифрлық жүйесін және ҰБДҚ (НОБД) толтыру, тапсырмалардың талаптарға сәйкестігі мен білім алушылармен кері байланыс орнату жағдайын анықтау	«SmartNation» цифрлық жүйесін және ҰБДҚ (НОБД) енгізілген ақпараттардың сапасына мониторинг жүргізу	Онгарова Б.К. Асубаева Г.С. Сайын Е.С.	Әкімшілік кеңес	Есеп
Шолу	Колледжде медициналық қызмет көрсету мен санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы мен талаптардың орындалуы, сапасы	Студенттердің құжаттары, оқытушылардың мед. байқаудан уақытымен өтуі, кәсіптік тәжірибеге байланысты білім алушылардың мед. байқаудан өтуі, жеке санитарлық –гигиеналық заттарының, топтардағы мед.қобдишаларының болуы	Бақылау, құжаттармен танысу	Асубаева Г.С. Байтекеева А.А. медбикелер	Әкімшілік кеңес	Есеп

		және т.б. жағдайларды анықтау				
ҚАРАША						
Фронтальды	01140600 - «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4S 01140605- «Шетел тілі мұғалімі» біліктілігі бойынша мамандар даярлау сапасы	1-4 курс білім алушыларының оқу нәтижесіне қолжеткізілуі және білім сапасының деңгейін анықтау	Пән сабақтарына және кәсіптік практика бойынша практика базаларындағы сабақтарға кіру, оқу құжаттарын жүргізу сапасын қарау	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Алимпияева З.С. Комиссия мүшелері	Педагогикалық кеңес	Мәлімет
Ағымдық	ПЦК оқытушыларының сабақтарында функционалдық сауаттылық тапсырмаларын беру арқылы зерттеу нәтижелері	ПЦК –да өзара сабаққа қатысу, сабақтарының ұйымдастырылуыны мен тиімділігі, оқу-әдістемелік көмек беру деңгейі мен сапасын анықтау	Құжаттарды тексеру, әңгімелесу, сабақтарына қатысу	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Комиссия мүшелері	Әкімшілік кеңес	Есеп
Тақырыптық	Оқу журналдарын, оқу-құжаттарын тексеру	Уақытында толтырылуы, білім беру міндетін орындау, білім стандартына сәйкестігін анықтау	Журналдарды қарап шығу	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Онгарова Б.К. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Әкімшілік кеңес	Хабарлама
Тақырыптық	Жас және жаңадан келген оқытушылардың сабақтарын бақылау	Байқау және ашық сабақтарының сапасын және оқытушылардың кәсіби деңгейін анықтау	Сабақтарға қатысу	Алимжанова А.Б. Сайын Е.О. Санибекова С.С. Ташиева Э.А. ПЦК төрағалары	Әкімшілік кеңес	Анықтама
Ағымдық	Студенттердің сабаққа	Студенттердің сабаққа қатысуы	Студенттердің	Байтекеева А.А.	Әкімшілік	Мәлімет

	қатысу жағдайы	деңгейін, сабақтың сапасын анықтау	сабаққа қатысуын, баға қорын қарау	Топ кураторлары	кеңес	
Ағымдық	Курстық жұмыстардың орындалу жағдайын анықтау	Курстық жұмыстардың тақырыптарының оқу бағдарламаларына және жаңартылған білім беру жүйесіне сәйкестігін анықтау	Тексеру, былтырғы жылғы курстық жұмыстарға аналитикалық талдау жасау	Алимжанова А.Б. Сайын.Е.С. Санибекова С.С. Ташиева Э.А. Комиссия мүшелері	Әдістемелік кеңес	Хабарлама
Ағымдық	Әдістемелік апта «Мен өз ісімнің шеберімін»	Оқытушылардың білім сапасын және біліктілігін көтеру сапасы, өзара тәжірибе алмасу	Сабақтарға қатысу	Алимжанова А.Б. Сайын Е.О. Санибекова С.С. Ташиева Э.А. Халықаралдық тағылымдама тобы 2023 жыл	Әкімшілік кеңес	Анықтама
Әкімшілік	Оқытушының кәсіби құзыреттілігін көтерудің құралы ретінде өзара сабаққа қатысу және тәлімгерлік жұмыстардың ұйымдастырылу жағдайы	Педагогтардың жұмыстарындағы өзара сабаққа қатысудың әрекеттестігі мен нәтижелігін зерделеу, тәлімгерлік жұмыс сапасын анықтау	Сабақтарға қатысу	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. ПЦК төрағалары	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Әкімшілік	ПЦК және колледж кітапханасы жұмыстарының жоспарлану және ұйымдастырылу сапасы, нәтижелері	ПЦК мен кітапхана жұмысы тиімділігін анықтау	Жоспарлармен танысу, іс – шараларға қатысу, талдау, құжаттарымен танысу	Алимжанова А.Б. Байтекеева А.А. ПЦК төрайымдары Бейсембаева Ж.Х.	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
ЖЕЛТОҚСАН						
Тақырып-тық	Пәндік олимпиадаларды ұйымдастыру барысы және	Кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, әлеуеттерін көтеру	Колледж ішілік және онлайн	Сайын Е.С. Қаласова Г.Б.	Әкімшілік кеңес	Есеп

	сапасы, онлайн олимпиадалар мен байқауларға қатысу нәтижесі		олимпиадалар мен байқауларға қатыстыру			
Ағымдық	Оқу құжаттары	Оқу құжаттары: (топ журналдары, үлгерім кітапшалары, жинақ ведомостары) уақытында толтырылуы, тазалығы, модульдік жұмыс оқу бағдарламасына сәйкестігін анықтау	Топ журналдарын, үлгерім кітапшаларын, жинақ ведомостарын қарап шығу	Алимжанова А.Б. Онгарова Б.К. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Әкімшілік кеңес	Хабарлама
Ағымдық	Сабақтарда және оқу практикаларында көрнекіліктерді, оқу-құралдарын, дидактикалық материалдарды, ақпараттық - техникалық құралдарды қолдану тиімділігі	Сабақтарда және оқу практикаларында көрнекіліктерді, ақпараттық техника құралдарын, оқулықтар мен әдебиеттерді тиімді қолдану барысын, тиімділік деңгейін анықтау	Рейд	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Онгарова Б.К. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Ағымдық	Студенттердің сабаққа қатысуы	Студенттердің сабаққа қатысу барысын, кураторлардың топпен байланысын байқау	Рейд	Байтекеева А.А. Психолог Кезекші әкімшілік	Коорд.-пед. кеңес	Мәлімет
Әкімшілік	Кәсіптік практика сабақтарының ұйымдастырылуы, жұмыс оқу жоспарының орындалуы, оқыту нәтижесіне қол жеткізу сапасы	Кәсіптік практика әдіскерлерінің сабақтарының жоспарға, жоспардың жұмыс оқу бағдарламасына сәйкестігін анықтау	Кәсіптік практика әдіскерлерінің сабақтарына кіру, оқу құжаттарын талдау	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Асубаева Г.С. Бөлім меңгерушілері Кәсіптік тәжірибе әдіскерлері	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Тақырыптық	Факультативтердің, үйірмелердің және секциялардың ұйымдас тырылуы	Графиктерге сай өтілу сапасы, білім алушыларды тарту жағдайын анықтау	Факультативтердің, үйірмелердің, секциялардың жұмыстарына	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Байтекеева А.А. Бөлім	Әкімшілік кеңес	Анықтама

			қатысу	меңгерушілері ПЦК төрағалары		
Ағымдық	Оқу кабинеттеріндегі әдістемелік жұмыс және оқытылатын пәндер бойынша электронды оқу-әдістемелік кешендердің сапасы, тиімділігі	Оқу кабинеттеріндегі әдістемелік жұмыстардың ұйымдастырылуы, жинақталған материалдардың қоры, дидактикалық тиімділігі, картотекаларының жасалуы жағдайын анықтау	Оқу кабинеттерінің байқауы	Сайын Е.С. Онгарова Б.К. ПЦК төрағалары Кабинет меңгерушілері	Әдістемелік кеңес	Есеп
Тақырып-тық	Жаңадан келген және жас оқытушылардың байқау және ашық сабақтарының сапасы	Жас оқытушылардың оқыту сапасының деңгейі	Сабақтарды талдау	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. ПЦК төрағалары Тәлімгерлер	Әдістемелік кеңес	Есеп
Әкімшілік	Жатақхана жұмысының ұйымдастырылу жағдайы, студенттердің тұрмыс жағдайы	Жатақхана жұмысының ұйымдастырылу сапасын тексеру (бөлмелерді жылу, жарық, сумен қамтамасыз етілуі, кітапхана, WI-FI т.б.)	Бақылау, жолға қою	ДШЖО Баймолданова С.О. Байтекеева А.А. медбикелер	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Тақырыптық	Білім алушылардың СӨЖ және ПСӨЖ тапсырмаларын орындау сапасы және оқыту нәтижесіне қолжеткізу жағдайы	Білім алушылардың СӨЖ және ПСӨЖ тапсырмаларын орындау сапасы және оқыту нәтижесінің деңгейін анықтау	Білім алушылардың жұмыс дәптерлерін тексеру, өзара сабаққа кіру нәтижелерін талдау	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Сайын Е.О. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Педагогикалық кеңес	Мәлімет
ҚАҢТАР						
Тақырып-тық	Оқу журналдарын тексеру	Бағалардың жинақталуы мен журналдағы жазылған мазмұнының күнтізбелік-	Журналдарды тексеру	Алимжанова А.Б. Онгарова Б.К. Санибекова С.С.	Әкімшілік кеңес	Мәлімет

		тақырыптық жоспармен сәйкестігі		Асубаева Г.С. Ташиева Э.А.		
Тақырып-тық	Қысқы сессияның жүргізілу барысы	Студенттердің білім деңгейін анықтау және оқытушылардың академиялық адалдық ұстанымдарын сақтауын бақылау	Сабақтарға, емтихандарға, сынақ тапсыруға қатысу	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Координациялық- пед. кеңес	Анықтама
Тақырып-тық	I жарты жылдық бойынша жұмыс оқу бағдарламаларының орындалуы	Оқыту мен білімді меңгерту санасын талдау	Аттестациялық, семестрлік бағалау қорытындылары мен қысқы сессияның қорытындысын талдау	Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Сайын Е.С. Оңғарова Б.К. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Әкімшілік	Құжаттарды тексеру: үлгерім кітапшалары, емтихан ведомостілері, топ журналдары	Құжаттардың стандартқа сәйкестігі, уақытында толтырылуы	Құжаттарды қарап шығу	Алимжанова А.Б. Оңғарова Б.К. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Коорд.-пед. кеңес	Есеп
Әкімшілік	Курстық жұмыстың жазылу сапасы және плагиатқа тексеру	Курстық жұмыстарды жазуға және ресімдеуге қойылатын талаптардың орындалу сапасын анықтау	Курстық жұмыстың жазылу сапасын анықтау	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Санибекова С.С. Ташиева Э.А. Арнайы пән оқытушылары	Әдістемелік кеңес	Анықтама
Әкімшілік	Ағымдағы емтихан, сынақ және аттестациялық қорытынды материалдарының дайындығын тексеру	Материалдардың оқу бағдарламаларының мазмұнына, дидактикалық талаптарға сәйкестігін анықтау	Материалдарға талдау жүргізу, танысып шығу	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Санибекова С.С. Ташиева Э.А. ПЦК төрағалары пән оқытушылары	Коор-пед кеңес	Мәлімет
Тақырыптық	«Педагогикалық шеберлік» апталығының өтілу сапасы	Шебер -педагог, зерттеуші - педагог біліктілігі бар педагогтардың озат тәжірибені	Іс – шараларға қатысу, талдау	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Байтекеева А.А.	Әкімшілік кеңес	Мәлімет

		тарату		Санибекова С.С. Ташиева Э.А.		
Мониторингтік	Оқытушылардың ІТ құзыреттілігі және Smart Nation бірыңғай порталының мүмкіндіктерін зерделеп, цифрлық платформа ретінде қолдануға көшуді жоспарлау нәтижесі	Оқытушылардың ІТ құзыреттілігі деңгейін анықтау; Smart Nation бірыңғай порталының мүмкіндіктерімен таныстыру, талдау	Олимпиада ұйымдастыру, электронды платформадағы педагогикалық қызметіне талдау жүргізу	Оңғарова Б.К. Сайын Е.С.	Педагогикалық кеңес	Мәлімет
Тақырыптық	Колледж кітапханасының және пән оқытушыларының «Оқуға құштар оқу орны» жобасын ұйымдастырудағы ролі	«Оқуға құштар оқу орны» жобасының жүргізілу тиімділігі мен оқытушылар мен кітапханашы жұмысының сапасын, тиімділігін, нәтижесін анықтау	«Оқуға құштар оқу орны» жобасының бойынша ұйымдастырған жұмыстарына шолу, веб парағын қарау, есеп тыңдау, қатысу	Бейсембаева Ж.Х. Жаксыбаева Г.К. ПЦК төрағалары, пән оқытушылары	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
АҚПАН						
Ағымдық	Колледж студенттерінің тамақтану қаржысының жүйелі берілуі немесе асханада тамақтанудың ұйымдастырылу барысы	Жетім студенттерге тамаққа бөлінген қаржының уақытымен аударылуын немесе студенттердің тамақтануының санитарлық-гигиеналық талапқа сәйкестігін, ұйымдастырылуын тексеру	Бухгалтердің есебін тыңдау, топ студенттерімен әңгімелесу Асхана мен буфеттің жұмыстарымен танысу, бақылау	Брокераж комиссия мүшелері	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Тақырыптық	Диплом алдындағы кәсіптік тәжірибе	Барлық пед. мамандықтар бойынша «Диплом алдындағы кәсіптік тәжірибе» барысында білім алушылардың сабақ беру сапалары және тәжірибе	Кәсіптік тәжірибе базаларын дағы сабақтарға, іс-шараларға қатысу	Асубаева Г.С. Санибекова С.С. Кәсіптік тәжірибе әдіскерлері Комиссия	Пед. кеңес	Анықтама

		әдіскелерінің әдістемелік нұсқау беру сапасының деңгейін анықтау		мүшелері		
Фронтальды	«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының дене тәрбиесі мұғалімі факультатив сабақтарының және секция жұмыстарының жүргізілуі	1-4 курс білім алушыларының оқу нәтижесіне қолжеткізілуі және білім сапасының деңгейін анықтау	Дене тәрбиесі сабақтарына және факультатив сабақтарына және секция жұмыстарына қатысу және практика бойынша практика базаларындағы сабақтарға кіру, оқу құжаттарын жүргізу сапасын қарау	Алимжанова А.Б.. Комиссия мүшелері	Педагогикалық кеңес	Анықтама
Диагностикалық	Оқу кабинеттерінің оқу жылының соңындағы жағдайы «Колледждің үздік кабинеті» байқауы нәтижесі	Жөндеу, жұмыс орнын дайындау, компьютер паркінің жаңартылуы, әдістемелік, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілуі, көгалдандырылу жағдайын анықтау	Байқау, рейд	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. ДШЖО	Педагогикалық кеңес	Мәлімет
Диагностикалық	«Үздік тәлімгер», «Үздік электронды оқу – әдістемелік кешен» байқауларының нәтижесі	Білім беру процесі барысында студенттердің сауалнамасы нәтижесінде абройлы ұстазды анықтау, үздік тәлімгерлік жұмыстарды ұйымдастыру және үздік әдістемелік кешен әзірлеу тәжірибесімен бөлісу	Педагог студенттер көзімен сауалнамасын алу, құжаттармен танысу, жас ұстаздармен танысу	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Комиссия мүшелері	Педагогикалық кеңес	Мәлімет
Тақырыптық	Халықаралық тағылымдама бойынша жол картасында жоспарланған іс-	Халықаралық тағылымдама бойынша жол картасында жоспарланған іс-шаралардың	Команда мүшелерінің жұмыстарымен	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Команда мүшелері	Әкімшілік кеңес	Мәлімет

	шаралардың орындалуы, тиімділігі, нәтижесі	орындалуын, тиімділігін, нәтижесін анықтау	танысу, қатысу			
Фронтальды	Информатика мамандығы бойынша мамандар даярлау сапасы	1-4 курс білім алушыларының оқу нәтижесіне қолжеткізілуі және білім сапасының деңгейін анықтау	Пән сабақтарына және кәсіптік практика бойынша практика базаларындағы сабақтарға кіру, оқу құжаттарын жүргізу сапасын қарау	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Алимпияева З.С. Комиссия мүшелері	Педагогикалық кеңес	Мәлімет
НАУРЫЗ						
Ағымдық	Топ журналын тексеру	Жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкестігін, қорытынды аттестациядағы бағалардың жинақталу деңгейін анықтау	Журналдарды тексеру	Алимжанова А.Б. Оңғарова Б.К. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Координациялық - пед.кеңес	Мәлімет
Әкімшілік	«Адал адам, біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша тәрбие сағаттарының мақсат – міндеттерінің дұрыс анықталуы, тәрбие бағыттарының толыққанды жүзеге асырылу жағдайы	Тәрбие сағаттарының жоспарлануы, мақсат-міндеттері мен құндылықтарының дұрыс анықталуына, жас ерекшеліктеріне сәйкестігіне мониторинг жүргізу	Тәрбие сағаттарына, тәрбиелік іс-шараларға қатысу	Байтекеева А.А. Комиссия мүшелері	Әкімшілік кеңес	анықтама
Тақырып-тық	«Дарындылар Академиясының» жұмыс есебі	Студенттермен ұйымдастырылатын ғылыми жұмыстардың сапасын, нәтижелілігін анықтау	«Дарындылар Академиясының» жұмыс жоспары бойынша құжаттарымен танысу	Сайын Е.С. Қаласова Г.Б.	Әкімшілік кеңес	мәлімет
Тақырып-	«Колледждің үздік	Кәсіби шебер педагогтарды	іс – шараларға	Алимжанова А.Б.	Әкімшілік	Анықтама

тық	педагогы» байқауының нәтижесі	анықтау және озат тәжірибені тарату	қатысу	Сайын Е.С. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	.кеңес	
Ағымдағы	Жас ұстаздардың тьюторлық мектебі жұмысының есебі	Жас ұстаздардың кәсіби шеберліктерін жетілдіру, әдістемелік көмек беру және тәлімгерлік жұмыстарының орындалу барысын анықтау	Жоспар бойынша іс –шараларға қатысу, құжаттармен танысу, талдау	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С.	Әкімшілік кеңес	мәлімет
СӘУІР						
Тақырыптық	Колледждің жалпы әдістемелік тақырыбы негізінде ұйымдастырылған жұмыстардың сапасы	Тиімді инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың ғылыми – теориялық негіздерін зерделеу, пайымдау және практикада жүзеге асыру арқылы оқыту мен оқуды жетілдіру	Сабақтарға, семинарларға қатысу	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Санибекова С.С. Ташиева Э.А. ПЦК төрағалары пән оқытушылары	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Әкімшілік	Курстық жұмыстың қорғалу сапасы	Мамандықтар бойынша курстық жұмыстарды қорғау графиктерінің орындалуы және қорғау сапасын, «Курстық жұмысты қорғау туралы» Ереже талаптарына сәйкестігін анықтау	Курстық жұмыстардың қорғалуына қатысу	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. комиссия мүшелері	Әкімшілік кеңес	Анықтама
Ағымдық	Білім алушылардың сабаққа қолданатын құрал – жабдықтарының құрамы, түрлері, қолданылу жағдайы дәптерлерінің жүргізілуі	Қазақ тілі, орыс тілі, математика, ағылшын тілі пәндерінен студенттердің дәптерлерінің тексерілу сапасы және сабақта құрал – жабдықтардың болуы және қолданылуы	Сабаққа қатысу , оқу дәптерлерін тексеру, бақылау	Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Сайын Е.С. Онгарова Б.К. Санибекова С.С. Ташиева Э.А..	Координациялық - пед.кеңес	Мәлімет
Тақырып-	«Мамандықтың үздігі»	Дипломалды практикасы және	Дипломалды	Мендгазиева М.Т.	Педагогикал	Анықтама

ТЫҚ	бітіруші түлектер арасындағы байқау нәтижесі	курстық жұмыстардың практикалық бөлімін жүзеге асыру бойынша бітіруші түлектердің кәсіби құзыреттілік сапасын, деңгейін анықтау	практикасына, курстық жұмыстардың қорғауына қатысу	Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Комиссия мүшелері	ық кеңес	
Ағымдағы	Оқытушыларды аттестаттау	Оқытушылардың кәсіби біліктілік деңгейлерін зерделеу	Сабақтарына қатысу, ұйымдастырған оқу-әдістемелік іс-шараларына оқу-әдістемелік материалдарымен танысу	Сайын Е.С. ПЦК төрағалары	Әдістемелік кеңес	Хабарлама
МАМЫР						
Әкімшілік	Ағымдағы және қорытынды аттестаттау материалдарының дайындығын тексеру	Материалдардың оқу бағдарламаларының мазмұнына, дидактиклық талаптарға, демонстрациялауға сәйкестігін анықтау	Материалдарға талдау жүргізу, танысып шығу	Алимжанова А.Б. Санибекова С.С. Ташиева Э.А. Сайын Е.С. ПЦК төрағалары, пән оқытушылары	Коор-пед кеңес	Мәлімет
Диагностикалық	«Колледждің үздік оқу тобы» байқауы нәтижесі	Жөндеу, жұмыс орнын дайындау, компьютер паркінің жаңартылуы, әдістемелік, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілуі, көгалдандырылу жағдайын анықтау	Байқау, рейд	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Байтекева А.А.	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
Ағымдық	Оқытушылардың аттестаттаудан өту туралы өтініштерін қабылдау	Жоспар бойынша	Құжаттармен сәйкестігін анықтау	Сайын Е.С. ПЦК төрағалары	Әдістемелік кеңес	Есеп
Ағымдық	Оқу құжаттары	Оқу құжаттарының: (топ	Топ журналдарын,	Алимжанова А.Б.	Пед-коорд.	Мәлімет

		журналдары, үлгерім кітапшалары, жинақ ведомостары) уақытында толтырылуын, тазалығын, бағалардың жинақталуын, күнтізбелік- тақырыптық жоспармен сәйкестігін анықтау	үлгерім кітапшаларын, жинақ ведомостарын тексеру, сәйкестігін қарау	Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	кеңес	
Тақырыптық	Жазғы сессия	Студенттердің білім деңгейін анықтау және оқытушылардың академиялық адалдық ұстанымдарын сақтауын бақылау	Сабақтарға, емтихандарға сынақ тапсыруға қатысу	Әкімшілік мүшелері	Әкімшілік кеңес	Хабарлама
Шолу	Колледж кітапханасы базасының жаңа оқулықтармен толықтырылу сапасы	Кітапхана қорының толықтырылу барысын, мамандықтарды қамтуын, оқу залының жұмысының ұйымдастырылуын, абонементтерге білім алушыларға қолжетімділігін бақылау	Кітапхана қорымен, оқу залының абонементін қарап, танысу	Бейсембаева Ж.Х. Жаксыбаева Г.К.	Әкімшілік кеңес	Есеп
Фронтальды	Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг	1 курс білім алушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтау	Сабақтарына кіру, тест жұмыстарын алу	Алимжанова А.Б. Сайын Е.О. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Әкімшілік кеңес	Мәлімет
МАУСЫМ						
Ағымдық	Құжаттарды тексеру: үлгерім кітапшалары, емтихан ведомствелері, топ журналдары	Құжаттардың құқықтық нормативтерге сәйкестігі, уақытында толтырылуы, мұрағатқа тапсыруға дайындығы	Құжаттарды қарап шығу	Алимжанова А.Б Асубаева Г.С. Санибекова С.С. Қыдырбекова Г.Т. Мышанова Г.Н.	Коорд.-пед. кеңес	Мәлімет
Әкімшілік	Қорытынды аттестаттау емтихандарының, оның	Қорытынды аттестациялық емтихандардың жүргізілу	Қорытынды аттестаттау	Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б.	Әкімшілік кеңес	Анықтама

	ішінде демонстрациялық емтихан түрінде жүргізілу барысы, бітіруші мамандардың арнайы пәндерден білім сапасы	сапасын, бітіруші мамандардың арнайы пәндерден білім сапасын, емтихан билеттерінің мазмұнының білім беру стандарттары мен білім бағдарламаларына сәйкестігін анықтау	емтихандарына қатысу, талдау	Комиссия мүшелері		
Тақырып-тық	Бітіруші түлектердің жұмыспен қамтамасыз етілу жағдайы	Бітіруші түлектердің жұмыспен қамтамасыз етілу деңгейін бақылау	Құжаттармен танысу	Асубаева Г.С. Бітіруші топтардың кураторлары	Кәсіптік тәжірибе кеңесі	Есеп
Мониторингтік	Функционалдық сауаттылық тапсырмаларын пән сабақтарында қолдану, әзірлеудегі оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі	Оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі деңгейін және лауазымдық міндеттерін орындау сапасын анықтау	Өзара сабақтарға кіру нәтижесіне және электронды платформадағы педагогикалық қызметіне талдау жүргізу	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Санибекова С.С. Ташиева Э.А.	Әкімшілік кеңес	Анықтама
Реттеу	Еңбек демалысына шығу графиктері	Еңбек келісім шарттары міндеттерінің орындалу барысын тексеру	Бақылау	Мендгазиева М.Т. Қыдырбекова Г.Т.	Әкімшілік кеңес	мәлімет

**«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ
«№1 АЛМАТЫ ҚАЗАҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК**

Бекітілді
Колледж директоры:
М.Т.Мендгазиева
«29» тамыз 2025ж.

**2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ
Ж О С П А Р Ы**

Алматы, 2025

**2025-2026 оқу жылындағы оқу – әдістемелік және ғылыми – әдістемелік
жұмыс жоспары**

Оқу – әдістемелік және ғылыми – әдістемелік жұмыс:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (2022 жылғы 23 қыркүйектегі өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес) «ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» және «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға және колледждің Жарғысына сәйкес жүргізіледі.

Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) **кеңес** – білім беру ұйымының оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысын алқалық басқару органы.

Ғылыми әдістемелік жұмыс – педагогтердің кәсіптік құзыретін арттыру арқылы білім сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін білім беру ұйымдары әдіскерлерінің, педагогтердің және құрылымдық бөлімшелердің бірлескен қызметінің көп деңгейлі, көп функциялы жүйесі.

Оқу-әдістемелік жұмыс - бұл білім беру ұйымының білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін білім беру процесін психологиялық-

педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметі.

Оқу - әдістемелік және ғылыми - әдістемелік жұмыс ғылым мен практиканы интеграциялау, оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың заманауи технологияларын, оқыту әдістемелерін әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагогтердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Оқу - әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың міндеттері:

- білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісіндегі заманауи технологияларды, әдістерді, құралдар мен нысандарды әзірлеу, енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру;
- педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін жетілдіру.

Оқу- әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылық жасау білім беру ұйымдары деңгейінде әдістемелік бірлестіктерге жүктеледі.

Оқу- әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың мазмұны:

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) оқу-бағдарламалық материалдардың нормативтік құқықтық актілерін талдау және іске асыру, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар беру;
- 2) оқу бағдарламаларын талдау және оларды оқу процесіне енгізу бойынша ұсыныстар беру;
- 3) еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар беру;
- 4) ағымдағы, аралық бақылау қорытындыларын талқылау, білім алушылардың білім сапасын, дағдылары мен іскерліктерін талдау және оқыту нәтижелерін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 5) педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, жұмысын жаңа бастаған педагогтерге оқу сабақтарын дайындау мен өткізуге, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік материалдар мен сабақтан тыс іс-шараларды әзірлеуге көмек көрсету;
- 6) сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру, ашық сабақтар өткізу және оларды талқылау; ғылым мен техниканың жетістіктерін, озық тәжірибені, тәрбие-білім беру, оқу-тәрбие жұмысындағы үздік тәжірибелерді және оқытудың қазіргі заманғы технологияларын зерделеу, іріктеу және жұмыс тәжірибесіне енгізу;
- 7) мамандықтар мен біліктіліктер бойынша кәсіби шеберлік конкурстарын, тақырыптық, ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарларды, конференциялар мен ғылыми-әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;
- 8) педагогикалық, ғылыми, әдістемелік әдебиеттерге, әдістемелік әзірлемелер мен құралдарға шолу ұйымдастыру;
- 9) педагогтердің еңбекті ұйымдастырудың, оқудың және өзара көмек көрсетудің тиімді нысандарын пайдалану бойынша жұмысты жетілдіру.

Оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру тәртібі:

Оқу-әдістемелік қызмет бейіні бойынша құрылған пәндік –циклдік комиссиялармен бірге қызметін мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- 1) білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жаңарту бойынша ұсыныстар енгізу;
- 2) колледждегі оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша конференциялар, семинарлар ұйымдастыру және өткізу;
- 3) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, оқу-әдістемелік құралдарды және ұсынымдарды бейін бойынша, оның ішінде электрондық оқулықтарды әзірлеуді ұйымдастыру;

- 4) оқытудың заманауи технологияларын енгізу, білімді бақылау және оқу процесін ақпараттандыру бойынша ұсыныстар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;
- 5) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмыстың қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерделеу және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 6) инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша озық тәжірибені жалпылау және тарату;
- 7) республикада, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде және алыс шетелдерде мәндес біліктіліктер мен мамандықтар бойынша білім беру ұйымдары педагогтерінің халықаралық, республикалық конференцияларға қатысуы және тағылымдамадан өтуі үшін ұсыныстар енгізу;
- 8) жастардың және жұмыспен қамтылмаған халық арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- 9) колледждің оқу-әдістемелік әдебиеттермен, педагогикалық оқыту құралдарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен, техникалық заманауи оқыту құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы талдамалық материалдар дайындау;
- 10) колледж базасында білім беретін мамандарының біліктілігін арттыру курстарын әдістемелік қамтамасыз ету;
- 11) білім беру бағдарламаларына, оқу-әдістемелік құралдарға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және электрондық оқулықтарға сараптама ұйымдастыру және жүргізу;
- 12) ТЖКБ ұйымдарында пайдалану үшін қажетті ұсынылған оқу әдебиеттерінің, оқу құралдарының тізбесін қалыптастыру бойынша ұсынымдар енгізу;
- 13) Workldskills (Ворлдскилс) стандарттарының талаптары бойынша ТжКОББ білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуға жәрдемдесу;
- 14) ТжКОББ мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүргізетін ТжКОББ ұйымдары қызметінің өзара іс-қимылды және үйлестіруді жүзеге асыру;
- 15) ТжКОББ ұйымдары, жоғары білім беру ұйымдары мен ұйым (кәсіпорын) мамандарының өзара іс-қимылды жүзеге асыруға жәрдемдесу;
- 16) білім беру сапасын сыртқы бақылау жүйесін жетілдіру, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жетілдіру мақсатында ТжКБ ұйымдарының жұмыс берушілер өкілдерімен өзара іс-қимылын жүзеге асыруға жәрдемдесу.
- Оқу-әдістемелік Кеңестің шешімі барлық бейіні бойынша пәндік –циклдік комиссиялардың жұмысы арқылы ПЦК мүшелеріне жеткізіледі. Бейін бойынша пәндік –циклдік комиссиялардың қызметіне басшылықты Төраға жүзеге асырады.

№	Жұмыс мазмұны	Орындалу мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту.	қыркүйек	Сайын Е.С.
2	2025-2026 оқу жылына колледждің әдістемелік тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыс көлемін анықтау.	қыркүйек	Сайын Е.С. Шығармашылық топ мүшелері

3	2025-2026 оқу жылына арналған оқытушылардың жеке әдістемелік мәселелерінің өзектілігі мен ғылымилығын қарап, бекіту.	қыркүйек	Сайын Е.С. ПЦК жетекшілері
4	Колледж әдіскерінің, ПЦК менгерушілерінің, әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарын қарап, бекітуге ұсыну.	қыркүйек	Сайын Е.С. ПЦК жетекшілері
5	"Дарындылар академиясы" , «Жас оқытушылардың тьютерлік мектебі» жұмыс жоспарларын бекітуге ұсыну.	қыркүйек	Сайын Е.С. Каласова Г.Б.
6	Оқытушылардың сандық және сапалық құрамының динамикасын жасау, НОБД есептерін толтыру	қыркүйек	Сайын Е.С. Қыдырбекова Г.Т.
7	Оқытушылардың кәсіптік және ақпараттық қажеттіліктеріне мониторинг жүргізу	кезінде	Сайын Е.С.
9	Оқу коррекциялық жұмыстарды жоспарлап, жүзеге асыру.	үнемі	Сайын Е.С.
10	Оқытушыларды аттестаттаудан өткізу, аттестаттауға материалдар дайындау жұмыстарын жүргізу.	кезінде	Сайын Е.С. Кемелбекова Ә.Е.
11	Әдістемелік апталықтағы ашық сабақтарды әдістемелік жоғары деңгейде өткізуге көмек көрсету	жыл бойы	Сайын Е.С. Алимжанова А.Б.
12	Студенттердің ғылыми жұмыстар жүргізуін жетілдіру, бағыт - бағдар беру.	жыл бойы	Сайын Е.С. Каласова Г.Б.
13	Ғылыми - әдістемелік және ғылыми - зерттеу семинарларды ұйымдастыру және өткізу.	жоспар бойынша	Сайын Е.С. Бөлім меңгерушісі
14	Педагогикалық озық тәжірибелерді жинақтау, тарату жұмыстарын ұйымдастыру.	жоспар бойынша	Сайын Е.С.
15	ПЦК менгерушілерімен шағын әдістемелік мәжілістерді өткізу.	үнемі	Сайын Е.С. Алимжанова А.Б.
16	Жас оқытушылардың кәсіби шеберлігін шыңдау, тәлімгерлерге көмек көрсету мақсаттарында әдістемелік жұмыстарды жалғастыру.	үнемі	Сайын Е.С.
17	Жас мамандардың сабақтарына қатысып, әдістемелік көмектер көрсетіп отыру.	жыл бойы	Сайын Е.С. Тәлімгер оқытушылар

18	Кабинеттердің оқу - әдістемелік материалдарымен қамтамасыз ету жұмыстарын одан әрі жалғастыру.	үнемі	Сайын Е.С. Бөлім меңгерушісі ПЦК жетекшілері
19	Курстық жұмыстардың ғылыми-әдістемелік жағынан талапқа сәйкес жазылуы мен қорғалуын қадағалау, талдау, қорғау жұмыстарына қатысып, тиісті ғылыми - әдістемелік көмек беру, ұсыныстар беру, плагиатқа тексерту.	Курстық жұмысты қорғау ережесіне сәйкес	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. Арнайы пән оқытушылары

КОЛЛЕДЖДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТАҚЫРЫБЫ:

«Колледж – өзін өзі оқытатын ұйым» жобасы арқылы оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі мен метадағдыларын дамыту»

Әдістемелік қызмет мақсаты:

- ғылым мен білімді интеграциялау, оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету мен жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.

Міндеттер:

- білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісін қолданыстағы технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын әзірлеу, енгізу және жетілдіру;
- педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін жетілдіру;
- халықаралық тағылымдама тәжірибелерін білім беру процесіне енгізу, тиімділігін негіздеу;
- пән сабақтарында білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға басымдық беру;
- оқытушылар мен білім алушыларда 21 ғасырда қажетті құзыреттіліктерді дамыту.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. нормативтік құқықтық құжаттарды, білім беруді басқару органдарының ұсынымдамаларын, оқу-бағдарламалық құжаттарды жетілдіру үшін ұсыныстар енгізу;
2. жаңа оқу бағдарламалардың зерделеуін ұйымдастыру және оларды оқу үдерісіне енгізу туралы ұсыныстар беру;
3. еңбек нарығының талаптарын ескере отырып білім беру бағдарламаларына және стандарттарға өзгерту енгізу туралы ұсыныстар енгізу;
4. ағымдық, аралық бақылаудың қорытындыларын талқылау; білім алушылардың білімнің, іскерлігінің дағдысының сапасын талдау және нәтижелерді жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;
5. педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, еңбек жолын жаңа бастаған педагогикалық қызметкерлер мен оқу -өндірістік практикада үлгілік оқу сабақтарын өткізу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік материалдар әзірлеу және оқудан тыс іс-шаралар өткізу;

6. сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру, ашық сабақтар өткізу және оларды талқылау; ғылым және техника жетістіктерін, оқу-тәрбие жұмысындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені және оқытудың жаңа технологияларын зерттеу, іріктеу және практикаға енгізу;
7. мамандықтар мен біліктіліктер бойынша кәсіби шеберлік конкурстарын тақырыптық және ғылыми семинарлар, конференциялар және ғылыми-әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және өткізу;
8. педагогикалық, ғылыми, әдістемелік әдебиеттерге, рефераттарға, әдістемелік әзірлемелер мен құралдарға, оқытудың техникалық құралдары және электрондық-есептеу техникасына шолу жасауды ұйымдастыру;
9. ынтымақтастық педагогикасы, өзін-өзі басқару жөніндегі жұмыстарды жетілдіру, оқу-тәрбие үдерісін жақсаруына және еңбекті ұйымдастыру, өзара тексеру және өзара көмектің тиімді нысандарын кеңінен қолдануға білім алушыларды тарту.
10. Колледж – өзін өзі оқытатын ұйым» жобасы аясында оқытушылар дербес немесе топпен білім беру саласындағы заманауи тиімді әдіс-тәсілдері бойынша тәжірибелерінің нәтижесін қорғау, БАҚ ұсыну жұмыстарын жоспарлау.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- Оқу-әдістемелік жұмысты нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету
- Оқу- әдістемелік кеңес
- Әдістемелік семинарлар
- Жас және жаңадан келген мамандармен тәлімгерлік жұмыс.
- «Педагогикалық шеберхана» озат педагогтардың іс-тәжірибесін жинақтау, тарату
- Педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу
- Ғылыми - зерттеу жұмыстарына басшылық
- Педагог кадрлар біліктілігін арттыру

I	ҒЫЛЫМИ -ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	Қыркүйек	Сайын Е.С.
	<p>1.2025-2026 оқу жылының жұмыс оқу жоспарын талдау, нормативтік – құжаттарға сәйкес білім ұйымы анықтайтын пәндерді, білім алушылардың таңдау пәндерін, факультативтерді, бөлінетін пәндерді анықтау, талдау, бекітуге ұсыну.</p> <p>2. Колледжде дайындалатын мамандықтар бойынша (6 мамандық, 8 біліктілік) жұмыс оқу бағдарламаларының мазмұнының ҚР ЖМББ стандартына, «Педагог» кәсіптік стандарттардың индикаторына сәйкестігін қарап, бекітуге ұсыну.</p> <p>3.Әдістемелік кабинетінің жұмыс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну.</p> <p>4.Пәндік циклдік комиссиялардағы әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну.</p> <p>5.«Жас оқытушылардың тьютерлік мектебі» және «Дарындылар академиясы» жұмыс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну.</p> <p>6.Курстық жұмыстардың тақырыптарын талдау, бекітуге ұсыну.</p> <p>7. Кәсіби құзыретті педагогтар арасынан шығармашылық топ мүшелері мен іс-әрекеттегі әдістемелік десанттар құрамын анықтау.</p> <p>8.ТКББ оқу орындарындағы 2025-2026 оқу жылындағы оқу процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық - әдістемелік ұсынымдармен таныстыру.</p> <p>9.Әзірленетін оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулардың тізімін және дайын болғандарын басылымға жіберу үшін бекітуге ұсыну.</p>	<p>№1 хаттама 29.08.2025</p>	<p>Сайын Е.С. Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Санибекова С.С. ПЦК жетекшілері</p> <p>Каласова Г.Б.</p> <p>Кемелбекова Ә.Е.</p>
II	ӘДІСТЕМЕЛІК ОҚЫТУ СЕМИНАРЫ	Қыркүйек	Сайын Е.С.
	<p>Модульдік білім беру жүйесі бойынша академиялық еркіндікті есепке ала отырып оқытудың нәтижесіне бағдарланған және бағалау критерийлері анықталған жұмыс оқу бағдарламасын әзірлеу бойынша жаңадан келген және жас ұстаздарға әдістемелік ұсынымдармен таныстыру, көмек беру</p> <p>Сабақ жоспарын жазу талаптары бойынша барлық оқытушыларға әдістемелік нұсқау беру</p>		<p>Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. ПЦК жетекшілері Тәлімгерлер</p>
III	Қалалық әдістемелік семинарлар	Қыркүйек-сәуір	Сайын Е.С.
	<p>1. «Тіл –халық қазынасы» Мемлекеттік тілді насихаттау мақсатындағы қалалық байқау</p> <p>2.«ЖПӘ» ПЦК декадасы – Р.З.Жүсіпованың 70 жылдығына байланысты еске алуға арналған Студенттердің II Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы</p> <p>3. Цифрлық дәуір мен заманауи көзқарас «Алаш идеясы: Жаңа медиа дәуіріндегі ұлттық сана. Алаш аманаты»</p> <p>4.«Білім беру әдістері цифрлы әлемде» «Learning methods in digital world» тақырыбында аукцион – жәрмеңке</p>		<p>«Қалалық әдістемелік кабинет» ғылыми-зертханасымен бірге Сайын Е.С. Байтекеева А.А. Алимжанова А.Б. Асубаева Г.С. Айтбаева А.Т. Дәуренханова ж.Ж. Алимпияева З.С.</p>

ІҮ	ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	Қараша	Сайын Е.С.
	<p>1. Педагог қызметкерлердің аттестаттау жұмысының жағдайы, нормативтік өзгерістерге түсіндірме жұмыстарын жүргізу</p> <p>2. Әдістемелік жұмыстарды сараптау: бағалау критерийлері және қолдану практикасы</p> <p>3. Өзара сабаққа қатысу жұмыстарының мониторингі</p> <p>4. Тәлімгерлердің жас және жаңадан келген оқытушылармен жұмыстары туралы хабарлама</p> <p>5. Әзірленетін оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулардың тізімін және дайын болғандарын бекітуге ұсыну.</p>	№2 хаттама	Сайын Е.С. Директордың орынбасарлары Бөлім меңгерушісі ПЦК төрағалары Тәлімгерлер
Ү	Жас және жаңадан келген оқытушылардың шығармашылық сабақтарының понарамасы	Қазан -Қараша	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С.
	<p>Тақырыбы: «Педагогикалық шеберлікке дейінгі алғашқы қадамдар»</p> <p>Байқау сабақтары Ашық сабақтар</p>	Қазан қараша	Тәлімгерлер Жас және жаңадан келген оқытушылар
ҮІ	ӘДІСТЕМЕЛІК АПТА <i>Тақырыбы: «Мен өз ісімнің шеберімін» « Я – мастер своего дела» «I am a master of my art»</i>	17-22 қараша, 20-25 сәуір	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С. ПЦК жетекшілері Пән оқытушылары
ҮІІ	Аттестациядан өтетін оқытушылардың шығармашылық сабақтарының понарамасы	Қазан-мамыр	Сайын Е.С.
	Ашық сабақтар	Қазан-мамыр	Аттестациядан өтетін оқытушылар
ҮІІІ	ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОҚЫРМАНДАР ОЛИМПИАДАСЫ	Желтоқсан	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С.
	<p>Тақырыбы : «Бағдарламалық оқу әдебиеттерінің білімпазы»</p> <p>Мақсаты: 1. Оқу мәдениетін студенттердің өзін-өзі кәсіби жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу дамудың факторы екендігіне көздерін жеткізу;</p>		ПЦК төрағалары Пән оқытушылары Кітапхана меңгерушісі

	<p>2. Болашақ маман ретінде оқушыларды оқырман ретінде тәрбиелеу және өздігінен оқу дағдыларын жетілдіру. Шарты:</p> <p>1. «Бастауыш білім беру» және «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті», «Балалар әдебиеті және мәнерлеп оқу практикумы» пәндері бойынша;</p> <p>2.«Негізгі білім беру» мамандығы бойынша «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті», «Үйден оқу», «Шетел әдебиеті», «Балалар әдебиеті» пәндері бойынша; оқу – әдістемелік кеңесте бекітілген «Мамандық бойынша 100 оқулық» тізбесімен білімдерін сынау</p>		
IX	АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚУ СЕМИНАРЫ		Сайын Е.С. Онгарова Б.К.
1	Қалалық/республикалық әдістемелік семинар «Білім беру саласында жасанды интеллекттің қолданудың заманауи талаптары»	Ақпан	Онгарова Б.К. Информатика оқытушылары
2	Ақпараттық технологиялық практикалық оқу семинары: «Зерттеу жұмысындағы жаңашылдық: жасанды интеллект құралдары»	Наурыз	Онгарова Б.К. Токмурзаева М.Б.
X	ӘДІСТЕМЕЛІК КОУЧИНГ	желтоқсан	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С.
	<p>1. СӨЖ және ПСӨЖ тапсырмаларын әзірлеу және бағалау</p> <p>2. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - білім беру сапасының негізгі көрсеткіші</p>		Балтабай Ж.Б. Бекұзақова А.Қ. Құсманова Г.Б.
XI	ӘДІСТЕМЕЛІК ОҚЫТУ СЕМИНАРЫ <p>1. Тақырыбы «Техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің білім беру процесін жобалаудың заманауи құралдары».</p> <p>2. Тақырыбы «Scaffold құралдарын пайдаланып оқу сабақтарын жобалау»</p> <p>3. Тақырыбы «Оқытудың заманауи шешімдері»</p>	Қазан- қаңтар	Сайын Е.С. ПЦК жетекшілері НЗМ мен Талап, Өрлеу т.б.бойынша курстан өткен оқытушылар
XII	Шеберлік мектебі		
	1. Тақырыбы «Функционалдық сауаттылықты дамытуда жасанды интеллекті (ЖИ) қолдану»	Қаңтар	Ташкеева Ж.Т.

	<p>2. «Білім алушылардың сыни ойлау және креативті ойлау дағдыларын дамыту тәжірибесі»</p> <p>3. Ситуациялық ойын тренинг «Сіз өзіңіздің кәсіптік қызметіңізге қатысты құқықтық нормаларды білесіз ба?»</p>		<p>Бегазова М.Ж.</p> <p>Алимжанова А.Б. Күнтубай А.А.</p>
XIII	Оқытушылардың біліктілігін арттыру	Қыркүйек-маусым	Сайын Е.С .
	«Талап» КЕАҚ, Өрлеу, НЗМ, «ПШО», НАО ННПИБД «ӨРКЕН», «ҰҒПДТО» РМҚК орталықтары арқылы біліктілікті арттыру курстарынан өткізу.	«Талап», Өрлеу, НЗМ, «ПШО», НАО ННПИБД «ӨРКЕН», «ҰҒПДТО» РМҚК орталықтары жоспарына сәйкес	Әдістемелік кабинет
XIV	ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	ақпан	Алимжанова А.Б. Сайын Е.С.
	<p>Жалпы тақырыбы: «Life-long learning дағдыларын қалыптастыру: колледж түлегінің моделі»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Колледж түлегінің моделін құрудағы кафедралық ғылыми-әдістемелік, инновациялық жұмыстардың рөлі 2. Студенттердің өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыруда белсенді оқыту әдістерін қолдану 3. Сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеушілік дағдыларын дамыту жолдары 4. Цифрлық сауаттылық – өмір бойы білім алудың негізі 5. Жобалық және проблемалық оқыту технологиялары арқылы life-long learning құзыреттерін қалыптастыру 	№3 хаттама	<p>Сайын Е.С. ПЦК меңгерушілері Әбдіхан А.П. Түгелбаева А.А. Курманғалиева А.Е. Тұрсынғожин Д.Қ. Мусаханова Қ.Т. Тоқмурзаева М.Б. Жолдаяқова Г.Е. Алимбекова А.А.</p>
XV	Байқаулар		Алимжанова А.Б. Сайын Е.С.

	<p>Оқыту мен білім сапасын жақсарту және үздіктерді анықтау мақсатында байқаулар ұйымдастырып, өткізу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.«Колледждің үздік тобы» 2.«Үздік куратор» 3.«Колледждің үздік оқу кабинеті» 4.«Үздік тәлімгер» 5. Оқытушының ІТ құзыреттілігі деңгейі және цифрлық платформаларды қолдану тиімділігі мониторингі» 6. «Үздік педагог» 7. «Үздік жас маман» 8. «Мамандықтың үздігі» <i>(бітіруші түлектер арасында)</i> 9. «Үздік электронды оқу әдістемелік кешен» 10.«Үздік практика әдіскері» 11.«Заманауи оқу әдістері мен ресурстары» аукцион жәрмеңке 	<p>қазан</p> <p>қаңтар</p> <p>қаңтар</p> <p>сәуір</p> <p>ақпан</p> <p>желтоқсан</p> <p>қаңтар</p>	<p>Алимжанова А.Б.</p> <p>Сайын Е.С.</p> <p>Асубаева Г.С.</p> <p>Байтекева А.А.</p> <p>Оңғарова Б. К.</p> <p>Бөлім меңгерушілері</p>
ХҮІ	ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	сәуір	Сайын Е.С.
	<p>Жалпы тақырыбы: Халықаралық тағылымдама негізіндегі оқу – тәрбие үрдісіндегі инновациялық нәтижелер</p> <p>1.Тақырыбы: «Кәсіптік білім берудегі заманауи инновациялар»</p> <p>2. Тақырыбы: «АҚШ каскадты оқыту жүйесі»</p>	№4 хаттама	<p>Нурдаuletova З.Н.</p> <p>Капасова А.А.</p> <p>Онгарова Б.К.</p> <p>2024,2025 жылдары халықаралық тағылымдамадан өткен педагогтер</p>
ХҮІ I	Студенттердің ғылыми - практикалық конференциясы	мамыр	Каласова Г.Б.
	<p>Жалпы тақырыбы: «Оқытудың жаңа инновациялық технологиялары – тәжірибеде»</p>		Ғылыми қоғам мүшелері
ХҮІ II	<p>XI КОЛЛЕДЖІШЛІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ: Тақырыбы: «Педагогикалық оқулар: «Жаңа білім беру трендтері және колледж тәжірибесі»</p> <p>Бағыттары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Оқу-тәрбие процесінде жобалық және стартап-жұмыстарды енгізу». 	қаңтар	<p>Алимжанова А.Б.</p> <p>Сайын Е.С.</p> <p>Аттестаттаудан өтетін оқытушылар</p>

	<p>2. Педагогикалық инновациялар мен білім берудегі трендтерді (STEAM, CLIL, критериалды бағалау, микроларнинг, жасанды интеллект) енгізу деңгейі.</p> <p>3. Цифрлық білім беру, жасанды интеллект құралдарын қолдану blended learning</p>		
XIX	<p>Педагогикалық идеялар мен инновациялық практикалар форумы Тақырыбы: «Колледж білім берудің инновациялық кеңістіктігінде» Форумның ашылу салтанаты, кіріспе сөз Презентациялық баяндамалар: «Педагогикалық идеялар – заманауи колледж білім беруіндегі жаңғыру кепілі» 3. «Инновациялық практикалар – педагогтың кәсіби дамуының қозғаушы күші» 3. Оқу - әдістемелік ресурстар мен кейстердің көрмесі: «Оқу құралдары – оқу қызметінің айнасы» 4. «Жыл тарландары» оқу жылында педагогикалық үдерісте ұйымдастырылған жұмыстардың қорытындысы</p>	30.06. 2026	<p>Мендгазиева М.Т. Алимжанова А.Б. Сайн Е.С. Бөлім меңгерушілері Асубаева Г.С. Халықаралық тағылымдама командалары, ПЦК меңгерушілері Беделхан А.Ғ.</p>
XX	ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС	маусым	Сайын Е.С.
	<p>1. 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы. 2. 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің есебі. 3. 2025-2026 оқу жылындағы «Дарындылар академиясы», «Жас оқытушылардың тьютерлік мектебі» жұмыстарының есебі. 4. Курстық жұмыстардың сапасы, қорғалу жағдайы 5. 2026-2027 оқу жылына әдістемелік жұмыстарды жоспарлау және ұсыныстар беру</p>	№5 хаттама	<p>Каласова Г.Б. ПЦК жетекшілері</p>

Оқу әдістемелік кеңестің, оқу –әдістемелік және ғылыми –әдістемелік жұмыстардың 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарының мазмұны

Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары:

Сайын Е.С.

№ 1 Алматы қазақ гуманитарлық - педагогикалық колледжі

БЕКІТІЛДІ
№1 Алматы қазақ
гуманитарлық-педагогикалық
колледжі директоры _____ М.Т. Мендгазиева
«29» 08 2025ж.

**2025-2026 оқу жылында №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжінде
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспары**

Директордың оқу- тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары

Байтекеева Айгул Аталыковна

**Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
жұмыс жоспары**

Техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдарына арналған тәрбие жұмысының жоспары				
Қыркүйек Еңбекқорлық пен кәсібилік				
Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Өлімбаев)				
